

Abstract. The issues of ensuring effective management of budgetary processes at local level and compliance with modern requirements are considered. The main requirement for local budgets is that every Tenge from the budget aimed at developing the funded entity should be justified by capital gains, improvements in the quality of productive resources or living conditions of the country's population. The article includes the analysis of interbudgetary relations based on the example of the economy of Kazakhstan. They include monetary relations between the authorities of different levels regarding the delimitation of the types of expenditures and revenues on continuous basis which enter the country's budget system and distribution (redistribution) of funds between of different level budgets in terms of budgetary regulation. The authors propose to clearly allocate spending functions among the authority levels, consolidate their respective funding sources, and formulate a system for providing financial assistance to disadvantaged regions. Expenses of the city budget are carried out according to 19 programs. The authors state that in their structure the costs of agricultural activities, land relations have a constant dynamic of an unreasonably small share. The significance of the material is in the conclusions and recommendations contained therein, which can be practically used in carrying out the tasks of improving the effectiveness of local budget management.

Ключевые слова: бюджет, местный бюджет, регион, бюджетный контроль, распределение средств, управление, объект финансирования, бюджетное регулирование, доходы, расходы.

Key words: agro-industrial complex, State regulation, WTO, republican budget, taxes, subsidies, loans, financing, budgeting, public support.

Жергілікті бюджеттер аумақтың кешенді дамуын қамтамасыз ету, халқының өмір сүру деңгейін арттыру тұрғысынан аса маңызды. Шоғырландырылған бюджеттің республикалық деңгейіндегі буыны ретінде тұтастай алғанда ел экономикасының да-

Заманауи жағдайда бюджеттік процестер жергілікті билік органдарының экономикалық функцияларының кеңеюімен және күрделенуімен сипатталады, олар аумақтық құрылымдардың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қаржылық ресурстарға қатысты белгілі бір өкілеттіктерімен қамтамасыз етілген [1, 70 б.]. Олар ең



төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттар деңгейінен төмен емес жергілікті құрылымдардың қарауына жатқызылған салаларында халықтың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандырады. Осы билік деңгейіне мемлекеттегі барлық экономикалық реформалардың жетістігі бүкіл қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің болашағы тәуелді [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Әрбір ел бюджетаралық қатынастар моделін таңдау міндетін өзі шешеді. Кез келген мемлекеттің қолданысындағы бюджетаралық қатынастар моделінің тиімділігі тігінен және көлденеңінен бюджеттік теңестіру көмегімен жүзеге асырылатын бюджеттік реттеудің әр түрлі әдістері мен формаларының оңтайлы үйлесіміне байланысты. Тігінен бюджетті теңестіру процесінде барлық деңгейдегі бюджеттердің шығыс функциялары және олардың табыстық мүмкіндігі арасындағы сәйкессіздік жойылады, яғни бюджеттік жүйенің барлық буындарының тігінен теңгерімділігіне қол жеткізіледі. Кіріс көздерін тарату алдында билік органдары арасында шығыс өкілеттіктері айқын жіктелуі тиіс [3]. Көлденең теңестіру кезінде "ауқатты" өңірлерден "жұтаң" өңірлерге бюджет қаражатын аумақтық қайта бөлу жүргізіледі, ол, әдетте, қаржылық көмек арқылы жүзеге асырылады. Тігінен бюджеттік теңестірудің көлденең теңгеріліммен үйлесімі мемлекеттің бүкіл аумағында көрсетілетін бюджеттік қызметтерді пайдаланудың шамамен тең (нормативтік) деңгейінің қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Шет елдердегі бюджетаралық қатынастар ерекшеліктері Қазақстан Республикасы үшін белгілі бір қызығушылық тудырады.

Шет елдерде қолданылатын бюджетаралық қатынастарды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері бірқатар жалпы сипаттарымен сипатталады, бұл бірқатар жағдайларда бюджетаралық қарым-қатынас әдістері мен нысандарды біріздендіруге бағытталған жалпы әлемдік үрдістер және тенденциялар туралы айтуға мүмкіндік береді. Әзірге, бірде-бір ел бюджеттік көлденең айырмашылықтарды толық жоюға мүмкіндік беретін бюджеттік теңдес-тіру механизмдерін құруға қол жеткізген жоқ. Сонымен қатар ғалымдар атап өткен-дей, әр елдегі бюджетаралық қатынастарда жалпы ұлттық және аймақтық ерекшеліктері болады. Мысал ретінде үш ЭЫДҰ елдерін алайық - АҚШ, Канада және Австралия.

АҚШ-та бюджетаралық қатынастар ерекшелігі шығыс және табыс өкілеттіктері ара-жігін нақты ажыратудан тұрады, ол үш деңгейдегі биліктің дербес салық жүйесін құрылуына және барлық бюджеттердің дербес жұмыс істеуіне алып келеді. АҚШ-та штаттар мен жергілікті билік органдары арасындағы бюджетаралық қатынастар "Дилон ережесімен", жекелеген жағдайларда - "үй ережесімен" реттеледі. Бірінші ережеге сәйкес жергілікті билік органдары штаттар үкіметтері берген өкілеттіктерін пайдаланады. Іс жүзінде сирек қолданылатын "үй ережесі" бойынша штаттар жергілікті билік органдарына анағұрлым кең, тіпті бюджеттік автономияға баратын құқықтар ұсынады. Ел бюджетінен биліктің төменгі тұрған деңгейлеріне мақсатты және тар мақсатты болып бөлінетін қаржылық көмек бюджеттік гранттар түрінде ұсынылады, олар негізінен штаттардың денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, білім, жұмыспен қамту және кәсіби даярлауды қаржыландыруға тағайындалған шығыстар. Бүгінгі күні бюджеттік гранттар көмегімен АҚШ-та штаттар мен аумақтардың қажеттілігін есепке алатын 500 жалпы мемлекеттік бағдарламалар қаржыландырылады. Жергілікті бюджеттер жоғары тұрған бюджеттердің қаржылық көмегіне өте тәуелді (трансферттердің үлесі орташа алғанда шамамен 45% құрайды, соның ішінде штаттар трансферттерінің үлесі - 36%, мемлекет үкіметінің үлесі - 9 %).

Канадада бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыру тетігінің ерекшеліктері мемлекеттік бюджет деңгейінде қалыптастырылған арнайы қордан берілетін трансферттер жүйесінде болып табылады. Канадалық провинциялардың бюджеттеріне қаржылық көмек үш негізгі жалпы мемлекеттік бағдарламалар бойынша бағдарламалық-мақсат тәсіл негізінде беріледі: денсаулық сақтауды және әлеуметтік көмекті дамыту бағдарламасы; аз қамтамасыз етілген провинцияларда ұсынылатын бюджеттік қызметтердің деңгейін теңестіру бағдарламасы; солтүстік аумақтарды аумақтық қаржыландыру бағдарламасы.

Австралияда орталық билік пен штаттар билігінің арасындағы шығын өкілеттіктерін нақты бөлу бюджетаралық қатынастардың негізі болып табылады. Мұндай шектеудің ерекшелігі, бұл халықты әлеуметтік қорғау тек қана ел үкіметінің қарамағында болып табылуы. Осы жерде, ЭЫДҰ-ның басқа елдерінде халыққа әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету көбінесе өңірлік және жергілікті билік ор-



гандары құзыретіне тиісті екенін ескере кеткеніміз жөн. Австралияда штаттардың құқығын шектейтін бірыңғай салық жүйесі қолданылады, сондықтан орталық бюджет барлық салықтың шамамен 80% шоғырландырады. Бұл осы елдің үкіметіне мемлекеттік шығыстарды қатаң бақылауын сақтауға және штаттарға субсидиялар беру арқылы бюджеттік теңестіру саясатын жүргізуге мүмкіндік береді. Нарықтың әлемдік конъюктурасының күтпеген өзгерістеріне келсек, туындаған қаржылық қиындықтарды жеңу үшін штаттарға арнайы субсидиялар уақытша беріледі

Бюджетаралық қатынастардың шетел тәжірибесін зерттеу қаржы жүйесін орталықтандыру (орталықсыздандыру) дәрежесімен, реттеуші салықтардың болуы немесе болмауымен, ел үкіметінің кірістер (шығыстар) үлестерімен, көлемі мен қаржылық көмек беру тәсілдермен ғана анықталмайды, ол әрбір мемлекеттің ерекшеліктеріне сәйкес келетін барлық осы факторлардың анық белгіленген және теңдестірілген жүйесімен анықталады. Әдетте бюджет жүйесінің жоғары дәрежедегі орталықтандырылуы және қайта бөлінетін бюджет қаражатының үлкен көлемі билік деңгейлері арасындағы бюджеттік қамтамасыз етілудің теңсіздігінің жоғары дәрежесі бар елдер үшін тән.

Өз функцияларын орындау үшін жергілікті өкілетті және атқарушы органдар белгілі бір мүліктік және қаржылық бюджеттік құқықтарды иеленеді [4]. Жүктелген көптеген міндеттерді шешу үшін жергілікті билік органдарында кіріс көздерінің болуы талап етіледі. Мұндай кіріс көздеріне, ең алдымен, жергілікті бюджеттер жатады. Кең мағынада жергілікті бюджеттер «жалпы ішкі өнімнің құнын және ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу процесінде туындайтын жергілікті билік органдарының пайдалану бөлігінде оны шоғырландыру жолымен және жүктелген функцияларға сәйкес пайдаланатын ақша қатынастарының ерекше жүйесін білдіреді» [5].

Жергілікті бюджеттің экономикалық категория ретіндегі мәні қайта бөлу функциясы арқылы жүзеге асырылады. Қайта бөлу функциясы арқасында жергілікті атқарушы органдарда ақша қаражаты шоғырланады және ведомстволық бағынысты аумақта әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында ол ақша пайдаланылады. Осы функцияның қызмет саласы жергілікті бюджетпен қарым-қатынасқа қоғамдық өндірістің заңды және жеке тұлғалар (ведомстволық бағынысты аумақ-

та) сияқты барлық қатысушылардың кіруімен анықталады.

Жергілікті бюджеттің бюджет жүйесінің өзіндік бөлігі ретіндегі жай-күйі бірқатар факторлардың ықпалына байланысты: елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайына; тиісті аумақтың экономикалық әлеуетіне; жергілікті билікті және басқару органдарының құқықтары мен міндеттерін реттейтін мемлекеттік заңнаманы жетілдіру; жергілікті өкімет және басқару органдарының өздеріне берілген құқықтарын іске асыру дәрежесі.

Жергілікті бюджеттердің тұрақтылығының қамтамасыз етілуі бюджеттік процестердің жоғары кәсіби деңгейінде басқарылуына байланысты. Жергілікті бюджеттердің атқарылу сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келуі жергілікті органдардың нақты қаржы кезеңі мен нақты аумақтың аясында кірістер мен шығыстар балансын қамтамасыз ету қабілетімен айналысатындығына байланысты. Алайда, біздің ойымызша, бүгінгі күні бұл жеткіліксіз. Бүгінгі күні аумақты дамытуға бағытталған әрбір бюджеттік теңгенің тиімді пайдаланылуы: капиталдың өсуінің ақталуымен, өткен еңбектің үнемделуімен, жергілікті тұрғындардың өмір сүру жағдайларын жақсарту өте маңызды.

Қазақстан Республикасында жергілікті бюджеттер (өкімшілік-аумақтық бірліктің бюджеттері) облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджеті, аудандық бюджеттер ретінде көрсетілген [6]. Жергілікті деңгейде түсімдер мен қаражаттарды жұмсаудың құрамы мен құрылымы өндірістік объектілердің, табиғи ресурстардың, әлеуметтік және тұрмыстық инфрақұрылымның бар болуына, бірліктің мәртебесіне, халықтың тығыздығына, табиғи-климаттық жағдайларға және т.б. тәуелді. Бұл мақаланың шеңберінде жергілікті бюджеттің құрылымы Павлодар қ. бойынша берілді.

Соңғы бес жылда Павлодар қалалық бюджеттің құрылымында «Ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» бап бойынша шығындар негізсіз төмен болды, шамамен 0,3%. Қалалық бюджеттің шығыстары 19 бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады. 2014-2016 жылдары «Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары» бағдарламаның іске асырылуы бюджетті орындауын асырған жоқ. Павлодар қалалық бюджетінде «Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары» бағдар-

ламасында келесі шығындар есепке алынған: құрылыс шығындарды, мал шаруа-шылығындағы ауру жануарларды соуды ұйымдастыру және оларды көметін жерлерді белгілеу, жойылатын ауру табылған жануарлардың иелеріне құн ақысын беру, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат материалдардың ақысын қайтару; аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) деңгейде жер қатынастарын реттеу.

Жергілікті бюджеттерге түсетін салықтардың көлемі, өндірістің, кәсіпкерліктің, инвестициялық белсенділіктің, даму деңгейіне, аудан экономикасының құрылымдық қайта құрылуына байланысты [7].

Жергілікті бюджеттердің қауырт жайкүйі, бюджеттік процестерді басқаруды жетілдірудің қажеттілігін дәлелдейді, ол мынадай қағидаларды жүзеге асыруға негізделген: нәтижелілік қағидасы, бюджеттердің дербестік қағидасы, тиімділік қағидасы, жауапкершілік қағидасы, бюджеттік қаражаттардың атаулылық және нысаналы сипаттағы қағидасы.

Жергілікті бюджеттерді басқарудың тиімділігіне қол жеткізу және жергілікті мемлекеттік қызметтердің халыққа көрсететін қоғамдық қызметінің сапалылығы, біздің ойымызша, бұл жергілікті атқарушы органдардың қаржылық дербестігі болғанда, оның ішінде, жергілікті атқарушы органдардың салық және бюджеттік өкілеттіктерін кеңейту жағдайында мүмкін. Бюджеттердің дербестігін бюджет жүйесінің заңмен бекітілген барлық буындарының кіріс көздері қамтамасыз етеді және тиісті билік органының қалауы бойынша бюджет қаражатын пайдалану өкілеттігі құқығымен айқындалған, еліміздің заңдары шегінде беріледі.

Бюджеттің дербестігі дегеніміз, өңірлік басқару органы бекітілген кіріс базасы негізінде, бюджеттің көлемін және кірістер мен шығыстардың баптары бойынша нақты құрылымын және шамасын өзі айқындайды.

Жергілікті бюджеттерді басқару бюджеттік процестерді ұйымдастыру арқылы айқындалады: бюджетті жоспарлау, қалыптастыру, атқару және бақылау.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, біз жергілікті бюджеттерді басқаруды келесідей анықтаймыз: Қазақстан Республикасының бюджет кодексінің қағидалары негізінде жоспарлау, бекіту, орындау, бюджеттік қаражаттарды бақылау, шешімдер қабылдау және оларды жергілікті деңгейде іске асыру [8].

Жергілікті буында бюджеттік процесс барлық бюджет түрлеріне ұқсас - бұл заңнамамен регламенттелген билік және басқару органдарының жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау және түзету, бюджетті есепті және есеп беруді жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылау, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау бойынша қызметі. Осыны негізге ала отырып, біздің пікірімізше, жергілікті бюджетті басқарудың тетігін талдауда ұсынылған 1 суретте жоспарлау, қалыптастыру, орындау және бақылау саласында оның функционалдық байланыстары тұрғысынан қарау қажет.


Қаланың бюджет қаражатын басқарудағы кемшіліктер, ең алдымен бюджетті қалыптастыру және атқарудағы белгіленген ережелерді орындалмағаның нәтижесі болып табылады. 2013-2014 жж. тексеру комиссиясы жұмысының және қаржылық бақылау инспекциясының қорытындыларын негізге ала отырып, жергілікті деңгейде бюджеттік жоспарлау кезінде жол берілген ең көп таралған қаржылық бұзушылықтардың түрлері:

- ♦ сапасыз стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарды, міндеттерді, тікелей және түпкілікті нәтижелерді формалды анықтау;

- ♦ бюджет жүйесі қағидаларының сақталмауы, атап айтқанда, қала бюджетіне түсетін салықтық түсімдерді бекіту және нақтылау кезінде негізділігін және уақтылығын сақтамауы, бұл аванстық төлемдерді тартып әкеледі;

- ♦ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметі тиімділігінің әлсіздігі бюджет қаражатын толық игерілмеуіне және олар қабылдаған міндеттемелердің орындалмауына әкеледі.

Мемлекеттің активтерін тиімсіз басқарудың, жергілікті атқарушы органдар тарапынан әлсіз бақылаудың салдарынан бюджет шығынға ұшырайды, оның ішінде уәкілетті орган тарапынан жасалған жер пайдалану шарттарын орындамағандықтан; жер учаскелеріне құқық беру бөлігінде жасасу мерзімдерін тәртібі бұзылған жадайлардағы жер учаскелерінің жалға алу шарттарының бұзылуы; пайдаланатын ұйымдарға жаңадан салынған инженерлік желілерді бекітіп беру немесе беру бойынша бұзулар; мүліктік жалдау және қалалық коммуналдық желілерін сенімгерлік басқару бойынша жасалған шарттарға мүліктің құнын ұлғайту бөлігінде уақтылы өзгерістер енгізілмеуі [9].



1 сурет – Жергілікті бюджетті жоспарлағанда, қалыптастырғанда, орындағанда және бақылау кезіндегі функционалдық байланыстар

Бұл бұзылушылықтар қалалық бюджетке қаражаттың уақытылы түспеуіне және шығынға әкеледі.

Бюджет қаражатын басқару мақсаты тек оларды тиімді иелену ғана емес, сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту болып табылады. Өңірді қаржылық қамтамасыз етуді ұлғайтудың алғышарттарының бірі коммуналдық мүлікті тиімді пайдалану болып табылады. Біздің ойымызша, қаланың жергілікті атқарушы органдары, бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру бойынша заңнамада көзделген мүмкіндіктерді толық пайдаланбайды. Мысалы, Павлодар қаласында уақытша жер пайдалануға жылдық жалдау ақысының мөлшерін есептеу кезінде уәкілетті орган ірі бизнес субъектілеріне қатысты барынша рұқсат етілген максималды ставкаларын пайдаланбайды, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау маңыздылығы мен толымдылығы бойынша 1-санатты объектілеріне жататын, жылжымайтын мүлік объектілері үшін жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициентін 1,3-тен 1,5 ұлғайтуды қарастырмайды.

Бюджет қаражатын басқарудағы осы және басқа да кемшіліктерді жою үшін қажет мыналар деп есептейміз:

- сенімді басқаруға берілген коммуналдық меншікті және мүлікті, басқа да көздерден жергілікті бюджетті толықтыру бойынша бюджетке түсетін түсімдерді мониторингілеу және толық есебін қамтамасыз ету;

- іс-шараларды іске асыру үшін тек қолда бар нормативті база бойынша міндеттемелерді қабылдау бойынша бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін анықтау және оларды қаржыландыру көздері қамтамасыз етілмеген жағдайда қосымша міндеттемелерді қабылдауға жол бермеу;

- қалалық бюджеттен қаржыландырылатын, бюджеттік ұйымдардың қаржы қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру;

- дебиторлық және кредиторлық берешекті, оның ішінде мерзімі өткен берешекті қысқарту бойынша жұмысты жандандыру, оның әрі қарай туындауына және өсіміне жол бермеу;

- жергілікті бюджеттің ең жақсы және тиімді әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігіне байланысты, тікелей және соңғы нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігіне сүйене отырып, бюджетті әзірлеу және орындау;

- мердігер ұйымдардың жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бойынша

қабылданған шарт міндеттемелерінің орындалуы бойынша бақылауды күшейту;

- шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі және қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормалары бойынша шараларды уақытылы қабылдауды қамтамасыз ету.

Тұжырымдар. Аймақта және жалпы республикада өтіп жатқан бюджеттік процестермен байланысты аталған мәселелер, терең талдау негізінде дереу шешім қабылдауды және жергілікті билік органдарының экономикалық жағдайлардың жаңа сын-қатерлеріне жауап бере алу қабілеттері болуын талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Арынова З.А., Нарынбаева А.С. Инвестиционная привлекательность региона как фактор конкурентоспособности // Проблемы агрорынка.-2017.-N2.- С. 70-75.

2 Исахова П.Б. К вопросу совершенствования межбюджетных отношений //Аль-пари.- 2011.- № 2,3. - С.31-35.

3 Кудайбергенова С.К. Развитие внутри-региональных межбюджетных отношений в Республике Казахстан на современном этапе. Монография.- Караганда, 2006. -150 с.

4 Нурумов А.А., Исмагулова А.У. Местные налоги Республики Казахстан: учебное пособие / А. А. Нурумов, А. У. Исмагулова. - Астана: КазУЭФМТ, 2012. -261 с.

5 Омирбаев С.М. Бюджетная система Республики Казахстан. – Астана: ИД «Сарыарка», 2007. – 488 с.

6 Кодекс Республики Казахстан от 04.12.2008 N 95-IV ЗРК "Бюджетный кодекс Республики Казахстан" [Электронный ресурс]. - 2008.- URL:<http://www.pavlodar.com/za kon/?dok=00014>(дата обращения: 18.01.2018).

7 Омарбакиев Л.А., Акпанов А.К., Низамдинова А.К. Налоговая политика стран-членов ЕАЭС // Проблемы агрорынка.- 2017.- N 3.- С.86-91.

8 Алтайбаева Ж.К., Курманова А.А., Жунусбаева К.Р. Управление местными бюджетами: определение, роль. Основные недостатки и пути их устранения // Материалы межд. научн.-практич. конференции «Экономические проблемы индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса: состояние и перспективы».- Астана, 2016.-С. 256-259.

9 Отчет ревизионной комиссии Павлодарской области за 2012–2014 годы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Arynova Z.A., Narynbaeva A.S. Investicionnaja privlekatel'nost' regiona kak faktor konkurentosposobnosti // Problemy agrorynka.- 2017.-N2.- C. 70-75.
- 2 Isahova P.B. K voprosu sovershenstvovaniya mezhhjudzhetnyh otnoshenij //Al'pari.- 2011.- № 2,3. - S.31-35.
- 3 Kudajbergenova S.K. Razvitie vnutri-regional'nyh mezhhjudzhetnyh otnoshenij v Respublike Kazahstan na sovremennom jetape. Monografija.- Karaganda, 2006. -150 s.
- 4 Nurumov A.A., Ismagulova A.U. Mestnye nalogi Respubliki Kazahstan: uchebnoe posobie / A. A. Nurumov, A. U. Ismagulova. - Astana: KazUJeFMT, 2012. -261 s.
- 5 Omirbaev S.M. Bjudzhetnaja sistema Respubliki Kazahstan. – Astana: ID «Saryarka», 2007. – 488 s.
- 6 Kodeks Respubliki Kazahstan ot 04.12.2008 N 95-IV ZRK

"Bjudzhetnyj kodeks Respubliki Kazahstan" [Elektronnyj resurs]. -2008.-URL:<http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=00014> (data obra-shheniya: 18.01.2018).

7 Omarbakiev L.A., Akpanov A.K., Nizamdinova A.K. Nalogovaja politika stranchlenov EAJeS // Problemy agrorynka.- 2017.-N 3.- S.86-91.

8 Altajbaeva Zh.K., Kurmanova A.A., Zhunusbaeva K.R. Upravlenie mestnymi bjudzhetami: opredelenie, rol'. Osnovnye nedostatki i puti ih ustraneniya // Materialy mezhd. nauchn.-praktich. konferencii «Jekonomicheskie problemy industrial'no-innovacionnogo razvitija agropromyshlennogo kompleksa: sostojanie i perspektivy».- Astana, 2016.-S. 256-259.

9 Otchet revizionnoj komissii Pavlodarskoj oblasti za 2012–2014 gody.